ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2026 жылғы 13 наурыз №7119-26-00-2/1868 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сапарбек, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «5573 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «НАРИМАНОВ» Еламан Ерланұлы Нариманов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алу жосықсыз деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «5573 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алу жосықсыз деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «НАРИМАНОВ» Еламан Ерланұлы Наримановтың мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «НАРИМАНОВ» Еламан Ерланұлы Наримановтың пайдасына мемлекеттік баж 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті

түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Сапарбек А.**

Құжатқа қол қойылған: Сапарбек А., 13.03.2026

Заңды күшіне енген күні: 20.04.2026, судья Сапарбек А., 05.05.2026

7119-26-3-1/1594